

Облыста

Ұлы дала астығы – 2026



Аққайың ауданының Дайындық ауылында егін жинау науқанына дайындық мәселелеріне арналған дәстүрлі «Ұлы дала астығы - 2026» облыстық семинар-кеңесі өтті.

Жыл сайын бұл алаң өңірдің үздік аграршыларын, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының басшыларын, ғалымдар мен сарапшыларды біріктіріп, озық тәжірибе алмасуға, заманауи технологиялармен танысуға және агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың тиімді шешімдерін талқылауға мүмкіндік береді.

«Биылғы жыл облысымыз үшін айрықша мәнге ие - өңірдің құрылғанына 90 жыл толып отыр. Өлкеміздің тарихы ең алдымен, еңбек адамдарының тарихы. Дикандардың сан жылдық қажырлы еңбегінің арқасында Солтүстік Қазақстанның қуатты аграрлық әлеуеті қалыптасты. Облыс Қазақстанда өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің

қолдаудың арқасында науқанды ұйымшылдықпен әрі оңтайлы мерзімде аяқтайтынымызға сенімдімін», - деді өңір басшысы.

Биыл облыс аграршылары 4,4 млн гектар алқапта егін жинайды. Оның ішінде 2,9 млн гектар дәнді және дәнді-бұршақты, 1,26 млн гектар майлы дақылдар. Элеваторлар мен астық қабылдау кәсіпорындары жаңа өнімді қабылдауға толық дайын.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес агроөнеркәсіптік



шамамен 10 %-ын, отандық астықтың төрттен бірін және майлы дақылдардың 20 %-ға жуығын өндіреді.

Екінші жыл қатарынан облыс майлы дақылдардың егіс көлемі бойынша республикада бірінші орынға ие болды. Алда ауыл шаруашылығы жылындағы ең жауапты кезеңдердің бірі - егін жинау науқаны тұр. Аграршыларымыздың жоғары кәсібилігі, мол тәжірибесі мен жүйелі мемлекеттік

кешенді қолдау шаралары жүйелі түрде кеңейтіліп келеді.

Аграршылар жеңілдетілген қаржыландыруға қол жеткізіп, минералды тыңайтқыштар сатып алуда, техника паркін жаңартып, өндіріске заманауи технологияларды енгізуде. Биыл облыстың аграрлық секторын жеңілдетілген қаржыландыруға 207 млрд теңге бағытталды.

СҚО әкімдігінің баспасөз қызметі.

«Абайға құрмет» акциясының алғашқы нысаны: Семейде СҚО тартуы - Мемлекеттік рәміздер алаңы ашылды

10 тамызда Абай күніне орай Семей қаласында Мемлекеттік рәміздер алаңы салтанатты түрде ашылды. Жаңа қоғамдық-мәдени нысаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Абайға құрмет» республикалық акциясы аясында Солтүстік Қазақстан облысы салды.

Мемлекеттік рәміздер алаңы - «Абайға құрмет» акция аясында салынып, ашылған алғашқы нысан. Салтанатты рәсімге Абай облысының әкімі Берік Уәли мен Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Нұрлан Кеңесов қатысты. Іс-шара барысында сөз сөйлеген Нұрлан Кеңесов өңір тұрғындарына Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұхамбетовтің құттықтауын жеткізді.

«Солтүстік Қазақстан облысының Абай еліне жасаған тартуы - жай ғана жаңа нысан емес. Бұл - ұлы Абайға, ұлттық құндылықтарымыз бен халқымыздың рухани мұрасына деген терең құрметтің жарқын белгісі. Мемлекеттік рәміздер алаңы елдік рухты асқақтатып,



өскелең ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен мемлекетке адалдық қасиеттерін қалыптастыруға қызмет етеді. Бүгінгі тарту - Ертіс пен Есілді жалғаған достықтың, Шығыс пен Солтүстікті табыстырған бауырластықтың және тұтас халқымыздың бірлігінің нышаны», - деп атап өтті Нұрлан Кеңесов.

Мемлекеттік Туды, Елтаңбаны және Гимнді біртұтас сәулеттік ансамбльге біріктірген алаң Семейдің жаңа қоғамдық кеңістігіне айналды.

Аумағы 2 гектарды құрайтын нысанның орталық бөлігі диаметрі

28 метр болатын шеңбер түрінде салынған. Сәулеттік композицияның басты элементі - Мемлекеттік Ту орнатылған биіктігі 35 метрлік тұғыр. Мемлекеттік Елтаңба мен Мемлекеттік Гимннің мәтіні 10 метр биіктікте орналасқан.

Алаң аумағында жаяу жүргіншілер жолдары мен демалыс орындары қарастырылып, орындықтар қойылып, гүлзарлар абаттандырылды.

Жобаның бас мердігері - солтүстікқазақстандық Miras Group компаниясы.

СҚО әкімдігінің баспасөз қызметі.

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз



№7 Дауыс беру учаскесін қалай табуға болады?

2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) енгізу арқылы онлайн-сервисстердің көмегімен:



www.gov.kz/sailau

sailau.gov.kz

sailau2026.gov.kz

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласу арқылы. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді;

3. Сайлаушыға арналған дербес шақыруда орналастырылған QR-кодты пайдалану арқылы.

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

Нақты сектор

Аудан мен облыс экономикасына жаңа мүмкіндіктер

2026 жылғы 7 тамызда Петропавл қаласында мемлекеттік органдардың, қаржы институттарының, отандық және шетелдік бизнес өкілдерінің басын қосқан «QYZYLJAR INVESTMENT FORUM-2026» халықаралық инвестициялық форумы өтті. Ауқымды шара аясында жалпы сомасы 1,3 трлн теңгені құрайтын 25 меморандумға қол қойылды.

Форум жұмысына Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушы А.С.Сұлтанов, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары В.Е.Ли, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары А.Т.Абайділдин, сондай-ақ қытайлық «Myande», «Guolian» және «Gushun», түріктің «Tiyaki» мен «YDA», итальяндық «Prosol» компаниялары сияқты жетекші шетелдік инвесторлардың делегациялары қатысты. Алқалы жиынға барлығы 500-ге жуық адам жиналды.

Халықаралық форумға Айыртау ауданынан аудан әкімі Мейрам Жақсылықұлы Меңдібаев, «TinOneMining» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің президенті Абай Есетұлы Құдайбергенов,

«Tau Bereke Group» ЖШС директоры Нели Болатқызы Әлімова, «Володаровское PRP» ЖШС директорының міндетін атқарушы Жандос Дулатұлы Қыстаубаев қатысты.

Қол қойылған 25 меморандумның төртеуі Айыртау ауданын дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» КММ басшысы Д.Ө.Әмрин мен «Tin One Mining» компаниясының өкілі А.Е.Құдайбергенов Айыртау ауданында орналасқан Сырымбет кен орнында тау-кен байыту комбинатын салу бойынша инвестициялық жобаны жүзеге асыру туралы ынтымақтастық келісіміне қол қойды.

Solidcore Resources директорлар кеңесі мақұлдағаннан кейін тартылатын инвестицияның жалпы көлемі кемінде 150 миллиард теңгені құрайтын болады. Жобаның басты мақсаты - өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыру, заманауи тау-кен байыту өндірісін құру және кәсіби біліктілігі бар жергілікті тұрғындарды басым тәртіппен жұмысқа орналастыру арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу.

Соңы 2 бетте.